

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат
БАЙҚАДАМОВ:
«ІСКЕРЛІГІ
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:
«ОЙ БИГІНДЕГІ
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ

Нұрсұлтан Бақытқожаұлы,
Бақыт Рүстемовтың ұлы,
Куба мемлекетінің Төтенше және
Өкілетті Елшісінің көмекші-аудармашы

ҰЛТЫ ҮШІН АЯНБАЙТЫН ҮЛКЕН ЖҮРЕК ИЕСІ



Адам өміріндегі ата-ананың алатын орны сөзбен айтып жеткізгісіз. Сол секілді, әкем мен үшін ең құрметті, ең асыл тұлға. Одан өрбіген ұрпақ бірінші Алла, екінші әке-шешеміздің арқасында қатарымыздан, заман көшінен қалмай өсіп-өніп келеміз. Адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуының алғышарттары отбасынан басталады. Ер жетуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер жанұядағы тәрбиемен келеді. Әкеміз кішкентай кезімізден жақсы мен жаманның айырмасын, адамгершілік, ар-ұят, намыс пен жігер секілді қастерлі ұғымдарды санамызға сіңірді және әлі күнге дейін де үйретіп келеді. Алматыға, кейіннен Астанаға көшіп келген жылдары басымыздан көптеген жағдайлар өтті. Астананың алғашқы жылдардағы қиындықтарын тұрғыны ретінде бірге кештік. Бірақ, әкеміздің арқасында сол кездердің бәрі біз үшін жеңіл өткендей. Жастайымнан сегіз қырлы, бір сырлы болып өсуім үшін, жан-жақты дамуым үшін әртүрлі үйірмелерге беріп өсірді. Соның бәрінде әке үмітін ақтауға тырыстым. Мектепте әкемнің жазған өлеңдерін оқып, мектепшілік, қалалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындар мен мадақтамалар алып, газет-журналдардан көрініп тұратынмын. Әрине, осылайша белгілі бір деңгейде мектеп мақтанышы болғаным, әке-шешемнің арқасы екені талассыз. Бір қызық оқиға есімде. Маған әкем 6 жасымда шахмат ойнауды үйреткен-ді. Шахмат үйірмесіне де 4-5 жыл қатыстым. Содан 21 жасымда Куба мемлекетінің Гавана қаласында оқып жүргенімде, факультет және университет аралық спорттан жарыстар өтті. Шахматтан бағымды сынап көрмекке бел буып, факультет атынан жарысқа түстім. Ең қызығы, біздің «журналистика» факультеті «философия» факультетімен финалға шығып, менің қарсыласым өзімнің «Философия» пәнінен беретін ағайым болмасы бар ма. Бір кезде жан-жағыма қарасам, өзге қатысушылардың бәрі ойындарын бітіріп, біздің партиямызға қызыға жиналып қалыпты. Ойынның соңына дейін намысты қолдан жібермеуге тырысып бақтым. Ақырында, мұғалімім жеңді. Бірақ, тоқсан бітіп бағалау жүріп жатқанда, баяғы ойындағы шеберлігімді еске салып: «Шахматты осылай жақсы ойнаған адам философиядан да жаман болмауы тиіс» деп маған 5 қойып бергені. Мұндағы айтайын дегенім, 6 жасымда әкемнің үйреткен өнері, маған соншама жылдардан соң алыс және бөтен мемлекетте де пайдасын тигізді. Соның арқасында қазақтардың бокс қана емес, шахматты да жақсы ойнайтынына кубалықтардың көзін жеткізгендей болдым. Сонда қуанғаным соншалық және сол қуанышымды бөлісу үшін, әкеме балалық

алғысымды жеткізу үшін Қазақстанға қайтқым келіп кеткені әлі жадымда.

Әкемді үлкен тұлға ретінде санайтындығымнан және оны мақтан ететіндігімнен болар, оған арқа сүйеп қайда жүрсем де басымды әрқашан да тік ұстаймын. Себебі, әкемнің ұлты үшін аянбайтын үлкен жүрек иесі екеніне, елі мен халқының азаматы, жанашыры екеніне еш күмәнім жоқ және оған халқы да күмән келтірмес.

Тағы бір айтпағым, әкемнің ауылды бағалап, қастерлейтінін бала кезімнен жақсы білетіндігім. Ауылдан тамыры ажырамасын дегендігі шығар, жазғы демалыста бәрімізді көлікпен Оңтүстікке алып баратын. Сонда жол бойы әкеміздің даналық сөздерін, басынан өткен оқиғаларын тыңдап, халық әндерін шырқап баратынбыз. Бұл менің қазір сағынып отырып ерекше еске алатын сәттерім.

Біздің отбасымыз әлемнің шаңырағы саналды. Өзге мемлекеттердің Елшілері, жазушылар, қоғам қайраткерлері, әйгілі спортшы немесе әртісі болсын, бәрі біздің үйден дәм тата отырып, халқымыз жайлы ой түйетін. Сондай қонақтардың қатарында Кубаның бокстан 3 дүркін әлем чемпионы Феликс Савон, Голливуд жұлдызы Кери Хироюки Тагава болды. Оның үстіне басқа елдердің өкілдерімен, Елшілерімен қарым-қатынаста болуды мен өте пайдалы деп есептеймін. Себебі, әрбір ұлт, әрбір ел, әрбір салт салыстыруға келмейтін ақыл, білім және ғылым. Үшіншіден, әкеміздің халықтар достығын нығайту бағытындағы жұмысы, біз яғни балалары үшін үлкен мақтаныш-тын. Бір сөзбен айтқанда, біздің үйден көптеген елдердің салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті жайлы білуге болады және бұл салама жақын болғандықтан, мен үшін дайын Институт іспетті. «Әкеге қарап ұл өсер» демекші, әкемнің жолын қуып дипломатия саласында еңбек етсем деп армандайтынымды жасырмаймын.

Сөз соңында мүмкіндікті пайдаланып әкемді мерейтойымен құттықтаймын. Айтқаным бар, айтпағаным қаншама, бәрін ескере отырып, әкеме: «Баршаңызға және бәріне ҮЛКЕН РАҚМЕТ» деп, ризашылығымды білдіріп қалайын. Сіздің бізге керексіз. Өйткені, ұлдарыңызға әлі де үйретіп, көрсетіп, түсіндіретініңіз көп. Ұрпағыңыздың жол бастаушысы болғандықтан, өзімнің, Айгерім, Саида, Гульсина және Ерсұлтанның атынан сізге зор денсаулық, ашық аспан, қажымас қайрат, бізді өсіріп аман-есен қасымызда ойнап күліп жүре беруіңіз үшін, біз сізге Алладан күш-қуат тілейміз. Жанұямыздың сүйікті отағасы, әкесі, отбасымыздың мақтанышы, ең бастысы Қазақтың күйін күйттеп, камын ойлайтын дара ұлы болып жүре беріңіз.